



ЖЕТИСУ ШҰҒЫЛАСЫ

№44 (8934)
жұма 11 қараша
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.



ОБЛЫСТА ӨНДЕУГЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫНЫҢ ТЕҢ ЖАРТЫСЫ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ҮЛЕСІНДЕ

ПРЕЗИДЕНТ SHELL КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Shell компаниясының бас атқарушы директоры Бен ван Берденмен және газ, ЖЭК, энергетика салаларындағы кешенді шешімдер бөлімшесінің директоры Уэль Сауанмен кездесу өткізді. Өңгімелесу барысында мұнай-газ және энергетика секторларындағы ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды. Қарашығанақ және Қашаған кен орындарын одан әрі игеруге ерекше назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев жақын арада қызметінен босайтын Бен ван Берденге Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға



қосқан үлесі үшін алғыс айтты. Сондай-ақ аталған компанияның басшылығына келетін Уэль Сауанға табыс тіледі. Президент оның қызметі елімізбен өзара тиімді серіктестікті дамытуға септігін тигізетініне сенім білдірді.

akorda.kz



Жетісу облысында себілген қант қызылшасының 37% Ескелді ауданына тиесілі. Алдын ала есептеулер бойынша оның шығымы облыста өңдеуге өткізілетін жалпы өнім көлемінің тең жартысына жуықтамақ. Сол сияқты осы ауданда шағын және орта бизнесте жыл басынан бері бюджетке 679 млн. теңге түскен, бұл өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 26% артық. Дегенмен ауданда бірде-бір жылыжай мен жеміс-көкөніс өнімдерін өңдейтін нысан жоқ, бақтардың басым бөлігі ескірген. Жергілікті әкімдік осы салаларға инвестиция тарта алмай отыр. Пайдаланылмай отырған жерлерді қайтару ісі де баяу жүргізілуде. Бұл туралы бүгін Ескелді ауданының тұрғындармен кездесуінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

негізгі көрсеткіштері мен назар аударуы тиіс проблемаларына басымдық берді. Облыс әкімінің сөзіне сүйенсек, аудан қант қызылшасын егуде көшбасшы саналады. Алайда биыл бұл дақыл егістігінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 54 пайызға азайтылған. Оған қоса өнім шықпай қалған алқаптар да бар, орнына соя мен жүгері себілген. Бұл орайда ауыспалы егіс, агротехнология талаптарын сақтауға шаруашылықтар көп мән беруі тиіс. - Аудандағы дәнді дақылдардың үлесі жалпы егіс алқабының 55 пайызынан астамын құрайды, яғни 54,5 мың га. Бұл ретте ауданда бірде-бір тұқым шаруашылығы жоқ, осы бағыттағы жұмысты жандандыру қажет. Бұл аймақта 50 мыңға жуық ірі қара мал бар, жылына 13 мың тонна ет және 35 мың тонна сүт өндіріледі, 8 сүт фермасы, 4 бордақылау алаңы бар. Соған қарамастан биылғы 9 айдың қорытындысында азық-түліктің барлық түрлері бойынша өндіріс көлемінің төмендеуі байқалады. Ауданда жайылымдық жерлердің тапшылығы әлі де проблемалық мәселе болып қалып отыр. Анықталған 54,6 мың гектар пайдаланылмаған жерді қайтару жұмыстары тиісті деңгейде жүргізілмейді. Мемлекет меншігіне тек 3,9 мың гектары қайтарылды. Бұлай болмайды, жұмысты ишратыңыздар! - деді Б.Исабаев.

ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ: ҚАЗАҚСТАН ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІН ДАМЫТУДЫҢ АЙМАҚТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ БОЛУҒА ДАЙЫН

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов Мысырда өтіп жатқан Климаттың өзгеруі жөніндегі жаһандық конференцияның (COP27) Әлем көшбасшылары саммитінде сөз сөйледі. Климаттық саммит жұмысына 120-дан астам елдің өкілдері қатысуда. Мемлекеттер мен үкіметтер басшылары климаттың өзгеруінің ең өзекті мәселелері бойынша өз елдерінің ұстанымдарын білдіретін «ұлттық үндеулер» жасады. Әлихан Смайылов өз сөзінде Қазақстан климат жөніндегі Париж келісімінің мақсаттары мен міндеттерін берік ұстанатынын атап

өтті. «Біздің еліміз 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы барынша биік мақсаттарды қойып отыр. Осының аясында жыл соңына дейін төмен көміртекті даму стратегиясын қабылдау жоспарлануда. Орталық Азиядағы елдің алғаш болып осындай маңызды құжатты қабылдауы тарихи сәтке айналмақ», — деді Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, бүгінде Қазақстанда жалпы өндірістегі «жасыл» энергияның үлесі шамамен 3%-ды құрайды. Бұл ретте оны өндіру көлемін 15%-ға дейін, яғни 2030 жылға

қарай қосымша 7 ГВт-қа ұлғайту жоспарлануда. Сонымен қатар биыл көміртегі шығарындыларын кем дегенде 15%-ға төмендету көзделген. «Қазақстанның «жасыл» энергетиканың әлемдік орталықтарының бірі болуға әлеуеті зор. Сондықтан біз жаңартылатын энергия көздерін дамытудың аймақтық орталығына айналуда және жалпы Орталық Азияны «жасыл» технологияларға көшуге ынталандыруға дайынбыз», — деп атап өтті Премьер-Министр.

2-бет

4-бет

«Жетісу шұғыласы» газеті хабарлайды 2023 жылға жазылу науқанының басталуы туралы! Біздің ИНДЕКС: Жеке – 65535 Заңды тұлға – 15535 Жазылым сомасы: Жеке: 6 ай – 2 284,6 теңге жылы – 4 569,20 теңге Нысан: 6 ай – 2947,6 теңге жыл – 5 895,2 теңге БІЗГЕ ЖАЗЫЛЫҒЫЗДАР! Жариялау кезіндегі жазылымдар жеңілдіктер бар! Біздің электрондық пошта мекенжайымыз: eskeldi_eli@mail.ru Телефон нөмірі: 3-19-15

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2023 год! Наш ИНДЕКС: Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535 Сумма подписки: Физ.лицо: 6 мес. - 2 284,6 тг год - 4 569,20 тг Юр.лицо: 6 мес. - 2947,6 тг год - 5 895,2 тг ПОДПИШИСЬ НА НАС! Подписка при публикации предоставляются скидки! Наш электронный адрес: eskeldi_eli@mail.ru Номер телефона: 3-19-15

